

<https://www.facebook.com/atbasarprofsouz/posts/pfbid02WAZnFGdLtfBe9NMRGq2wS7QBzhRD6V7WgtrX7dG1USEeq7342Gfi3y93Lj1oDBql?mibextid=ZbWKwL>



«Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалімнің тәрбиесі мен өнегесі оқушыны үлкен мақсаттарға жетелейді. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық. Қай заманда болсын ұстазға деген құрмет жоғары болмақ. Ұлағатты ұстаз шәкіртіне өмірлік азық боларлық білім нәрімен сусындатып, ізгілік жолын үйретіп, жақсы мен жаманды ажырата алатын адамгершілік қасиеттерді сіңіреді. Ең жақын жанашыр ақылшысы, әрі сырласы, сыншысы бола біледі. Осындай ұстазымыздың бірі 40 жылға жуық еңбек етіп, бүгінде зейнеткерлік жасқа жеткен, ұлағатты ұстазымыз Есмағанбетова Тоты Сейтмағанбетовнаны төл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

<https://www.facebook.com/atbasarprofsouz/posts/pfbid0jUntxntzfbalxc6aiCQmE2RLoggyrrb51kjCoKmiPbgK2Yz5JfXJBUjizudkaT2il?mibextid=ZbWKwL>

### #ҰСТАЗҰЛЫЕСІМІ



«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп данышпан Абай айтқандай, ерінбей, жалықпай еткен еңбегінің арқасында шәкірттерінің жүрегіне жол таба білген мұғалім ғана нағыз ұстаз бола алады - деген ұранмен жас мамандар алға қарай ұмтылады. Смакова Аимгуль Армановна - бастауыш сынып мұғалімі. 2024 жылдың облыстық WorldSkills сайысының жүлдегері, өте көп бастауыш білім беру методикасы бойынша ғылыми жобаларға қатысқан маман. Өте дарынды, білімді, жауапты жас маман. Сабақты креативті, қызықты

етіп өткізуге тырысады. Әр нәрсеге жауапкершілікпен қарап, бастаған ісін соңына дейін апарды. Аимгуль Армановна үнемі жаңа білім алуға ұмтылып, жаңа методикаларды қарап, мақсаттарына ұмтылады. Аимгуль әлі де өз білімін тереңдете оқып, әртүрлі жаңа курстарға қатысып, биік белестерге ұмтылады.

<https://www.facebook.com/atbasarprofsouz/posts/pfbid02ggHYSmK5ykhi2zBCvSJ5KFB3TL9JzmeyRHAga9eWfLhZ7wYCgXD8oi4NEao67WI?mibextid=ZbWKwL>

### #АУДАНДЫҚСПАРТАКИАДА



Аудандық "Мұғалім-2024" спартакиадасы аясында педагог қызметкерлер арасында үстел теннисінен жарыстар өтті. Әйелдер арасында жеке есепте жүлдегерлер: 1 орын- Зиганшина К.Ф., ЖББМ мұғалімі С. Самарка, 2 орын- Есенгулова Л. А., №7 ЖБМ

мұғалімі, 3 орын-Тугова Л. А., №1 ЖБМ мұғалімі. Ерлер арасында орындар келесідей бөлінді: 1 орын-И.С. Досюк, №5 ЖББМ мұғалімі, 2 орын-Ж. Зейнолда, 3 орын-М. Аханай, №2 ЖББМ мұғалімі С. Мариновка. Қорытынды есепте №2 ЖББМ командасы 1 орынды, №7 ЖБМ командасы 2 орынды, №5 ЖБМ командасы 3 орынды иеленді.

<https://www.facebook.com/atbasarprofsouz/posts/pfbid0FzsRVcuDGdvzsdzu2p8kAg6xHWWf79j15w2s9TkCsTjFnBLugf4rwSvGFgPbfkDI?mibextid=ZbWKwL>

### #ЕҢБЕКАРДАГЕРІ



Әр адам ақыл толыстырып, білімін шыңдау жолында бір адамға ерекше қарыздар екенін сезінеді. Ол - ұстаз. Ұстаз - бұл дүниеде ілмегенді ілдіретін, білмегенді білдіретін, санаға ақыл ұялататын, арманды алдан қиялататын, өмірді ұғынуға себеп, тірлікке кірігуге көмек болатын, шәкіртін өмірге баулушы, жақсы мен жаманды үйретіп, адамгершілік қасиеттерді сіңіруші ата-анадан кейінгі жанашыры және ақылшысы.

Мектебіміздің физика пәні мұғалімі Отегенова Ругайда Курмановна ұлағатты ұстаз 50 жылдан аса аянбай еңбек етіп білімді шәкірт тәрбиелеп, білім саласына зор үлес қосқан еңбегін бағалап Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Еңбек ардагері" медалімен марапатталды.

Сізге білім саласына қосқан еңбегіңізге алғыс айта отырып деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз!

## [#МЕРЕКЕМЕНЕРАЗАМАТТАР](#)



### Ұстаздық қызмет-ұлы құрмет

«Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан»

Абай Құнанбайұлы

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, тәлім-тәрбие, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Елімізді өркениетке апарар жолдың бастауы – мектеп десек,

мектептің басты тұлғасы – мұғалім.

Адамның адам болып қалыптасуына ата-аналармен қатар, мұғалімнің де рөлі зор. Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы "Ұстаздық - ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солдай ардақтауға міндеттіміз" деген. Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – мұғалім.

"Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға" дегендей, ел ертеңі болып табылатын ұландардың бойына білім мен өнерді, адамгершілік пен адалдықты, туралық пен шыншылдықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіріп, оларды тұлғалы азамат етіп тәрбиелеуді мақсат еткен ұстаздардың бірі де бірегейі Атбасар

қаласындағы 7 жалпы орта білім беретін мектебінің география пәнінің мұғалімі аға ұстаз, педагог-зерттеуші Ерлан Асқар. Білім саласында отыздан аса жыл қызмет атқарған Ерлан Асқарұлы аталмыш мектепте 21 жыл жұмыс жасайды. Жүйелі жұмыс пен табанды еңбекті талап етіп жоғары нәтиже көрсету, оқушылардың сапалы білім алуына, жетістікке жетулеріне дұрыс бағыт-бағдар беріп, барынша қолдау көрсетіп отыратын білімді де білікті ұстаз Ерлан Асқарұлының алдынан географияны таңдау пәні ретінде алып жоғары жетістікке жеткен түлектер, «Алтын белгі» иегерлері қаншама. Олар бүгінде әр салада жемісті қызмет атқарып жүр. Ерлан Асқарұлының еңбегі бағаланып Ақмола облысы білім басқармасы басшысының, Ақмола облысы кәсіподақ ұйымы төрағасы, Аудан әкімінің, Атбасар ауданы білім бөлімі басшысының Құрмет грамоталарымен марапатталған. Әріптесіміз Ерлан Асқарұлын «Отан Қорғаушылар» күні мерекесімен құттықтай отырып, шығармашылық табыс тілейміз!

<https://www.facebook.com/atbasarprofsouz/posts/pfbid0GV3fh9GAdVQ4TepZhZSdT5vB2iUDawtvQXuyVY49JJoqTyWhezUNc4bozqvYaNZbZl?mibextid=ZbWKw>

### #демалыс

Көктемгі демалыс кезінде кәсіподақ ұйымы бізге керемет демалыс «Сосновый бор» шипажайына жеңілдікпен жолдама берді. Бізді жақсы көңіл күймен қарсы алып, түрлі іс-шаралар, ем-шіпа алдық. Бізге шипажай өте ұнады, кәсіподақ ұйымына алғыс айтамын.



<https://www.facebook.com/atbasarprofsouz/posts/pfbid0soVyXMBkDiH1miV9VVMM8TdgPgN2wdPh44rJisVSRNXopgT1Jmic6wCN6cD2Ue1bl?mibextid=ZbWkwL>

### #ЛАЙЫҚТЫЕҢБЕК



"Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға" деген Ұлы ойшыл Абайдың ұстанымынан жаңылмай келе жатқан ұстаздың бірі - №7 жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Хұрмет Нұрдыбек. Сонау 2005 жылы Петропавлдағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін тамамдаған жас маман алғашқы еңбек жолын Сергеевка орта мектебінде бастады. Оншақты жыл ауыл мектебінде еңбек ете жүріп талай шәкірттерін биік белестерге жетелей білді. Аудандық, облыстық сайыстардан жүлделі орындардан көрінді. 2015 жылы Атбасар қаласындағы №7 орта мектепке ауысып осы күнге дейін еңбек етіп келеді. Әр жылдары оқушылары Жарасбек Жаңыл, Құрманқожа Нұрым, Бектемирова Аруна, Мұратова Сарбиназ, Түсенова Азиза, Уатхан Нұрәли, Шайкенова Іңкар, Арманбек Шашугұл, Лавренко Ангелина, аудандық, облыстық пәндік олимпиадалар мен "Абай және Махамбет" оқуларының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталып, жүлделі орындардан көрінді. Нұрдыбек Хұрметұлы аталған мектепте бес жылдай кәсіподақ ұйымының төрағасы қызметін атқарды. Қоғамдық жұмысты атқара жүріп мұғалімдердің құқығын қорғау, еңбек қатынастарына байланысты мәселелерді көтеріп, сұрақтардың уақытылы шешілуіне белсенді ат салысты. Мінезі байыпты, ортасына сыйлы әріптесіміз бес баланың әкесі үлгілі жанұя. Екі баласы біздің мектептің түлегі ұлы - Нұрдыбек Әділбек 2020 жылы ҰБТ аудан бойынша ең жоғарғы ұпайды жинаса, қызы - Нұрдыбек Айдана өткен оқу жылының "Алтын белгі" иегері мектептің, отбасының мақтанышы. "Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға" дегендей жолдасы екеуі педагогтер жанұясы. Әріптесімізге талмай еңбек ете беріңіздер дейміз.



## #ЛАЙЫҚТЫЕҢБЕКЖЫЛЫ

### #АЛТЫНЖҮРЕК



«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» Ы. Алтынсарин

Ұстаздар отбасынан шығуым – ұстаз мамандығын таңдауыма жол ашты. Өйткені әкем, аға-жеңгем, апаларым бәрі де қиындығы мен қызығы қатар жүретін осы бір мамандықтың тізгінін ұстаған ұлағатты ұстаздар.

Бала қиялы шексіз. Арманның тұлпарына мініп, биік-биік асу бермес асулардан асып, шексіз терең мұхиттарды басып, тіпті, көк аспанға да қалықтайтын армандар болады.

Сол арманның бірі - әнші аға-апаларымыздай сахнада ән айту еді. Бірақ, ол бала арманы орындалмады. Есесіне, Әке ақылын тыңдап, ұстаз мамандығын таңдадым. Ұстаз – ұлы есім. Ұстаз мамандығын таңдағаным өкінбеймін. Арқалық қаласындағы Ы.Алтынсарин институтына оқуға түсіп, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқу орнын тәмамдадым. Бұл оқу орны менің қанатымды қатайтып, өмір ағымында дұрыс таңдау жасауыма жол ашты. Дана халқымыз: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, қолыма диплом алған соң әншілік менің қолым емес екенін түсіндім. Сөйтіп, Атбасар қаласындағы №7 қазақ орта мектебіне қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен беретін мұғалім болып орналастым.

Міне, мен Әке жолын қуған ұстазбын. Қиын болғанмен - қасиетті, ауыр болғанмен – абыройлы мұғалім мамандығын таңдағаным өкінбеймін. Ұстаз... Ұстаз – бұл әрдайым үлкен әріптермен жазылуға тиіс мағыналы сөз деп танымын. Менің түсінігімдегі ұстаз – рухы таза, ой – өрісі биік, ұлты мен Отанының болашағы үшін тер төгіп, шыдамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсетуші, өз бойындағы асыл қасиеттері мен білімін болашақ ұрпақтың бақыты мен кәдесіне жаратып, қоғамды өрге

өркендетуші, жанашылдықтың бастаушысы, жүрегі – жылы, көңілі – дарқан адам.

Ұстаздықты таңдап қана қоймай, ол жолда тер төгу бір басқа. Осы жылдар аралығында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және Жақсы аудандық газеттің бас редакторы, сонымен қатар Астана қаласы дарынды балаларға арналған «Зерде» мектебінде де қызмет атқардым. Осы жылдар аралығында ауыз толтырып айтар жеткен жетістіктерім мен асқан асуларым аз болмады.

Айталық, 2017-2018 оқу жылы Нұрдыбек Әділбек 9-сынып - «Бала ақын – жас ақын» атты облыстық оқушылар айтысында үздік ақындық өнері үшін Дипломмен марапатталды. Нуртаза Диас 5-сынып – облыстық «Абай оқулары» байқауында «Көңілім әнді ұғады» ном. бойынша III орын; Нұрдыбек Әділбек 9-сынып – облыстық «Абай оқулары» байқауында «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда...» номинациясы бойынша III орын және Ақмола обл.білім басқармасының Сертификатымен марапатталды. Дәл осы жылы Ақмола облыстық Білім Басқармасының «Облыстық оқу-әдістемелік кабинеті» Педагогикалық тәжірибені жалпылау туралы КУӘЛПК – «Көркем шығарманы оқытудың маңызы және тиімді жолдары» тақырыбы бойынша жұмыс тәжірибесі облыстық деңгейде жалпыланғаны үшін куәлік берілсе, Ақмола облысы тілдерді дамыту басқармасы – ҚР тілдер күніне орай «АЛҒЫС ХАТ» марапатталдым.

«Жарқын болашақ»: Ардагер Айым – «Сөз шебері» ном.бойынша Бас жүлде; Нуртаза Диас – «Әнші-бұлбұлдар» ном.бойынша Бас жүлде; «Тіл дарын»: Сейілбек Іңкәр – Бас жүлде; Сейілбек Іңкәр облыстан Грамота және Сертификат; «М.Мақатаев оқулары»: Бабаева Аяулым «Сыр сандықты ашып қара, ашып қара сырласым...» ном.бойынша – I орын; облыстан Сертификат; «А.Құнанбаев оқулары»: Нуртаза Диас – «Көңілім әнді ұғады» ном.бойынша Бас жүлде; Облыстан I дәрежелі Диплом және Медаль, Сетификат, бағалы сыйлықтар. Республикаға жолдама; Сәбитова Меруерт – «Ұлылар әлемі» ном.бойынша Бас жүлде; Облыстан I дәрежелі Диплом және Медаль, Сетификат, бағалы сыйлықтар. Республикаға жолдама; 2021 -2022 оқу жылы Республикалық «Абай оқулары» Нуртаза Диас «Көңілім әнді ұғады» ном.бойынша ДИПЛОМ; Сәбитова Меруерт – «Ұлылар әлемі» ном.бойынша II дәрежелі ДИПЛОМ марапатталды. Дәл осы жылы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу мен саралау» НИШ Сертификат; «Қазақстандық

салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымы» ҚБ – Грамота; Ақмола облысының білім басқармасынан «Алғыс хат» марапатталып, “Драмалық шығармаларды сахналау арқылы оқушылардың көркем сөйлеу дағдысын қалыптастыру” авторлық жоба облыстық деңгейде қорғалды.

Мен ХХІ ғасырдың болашақ ұстаздарын тәрбиелеуші тәжірибелі ұстазбын. Қыран түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмас талап сыйлайды» демекші, ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі. Қоғам тұлғаны қаншалықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Сондықтын қоғам дамуына білім беру ең маңызды мәселе болып табылады. Әрбір тұлға өмірінде үлкен тәрбие мен таусылмас білім ошағын санасына ұялатқан ұстазын мәңгілік есінде сақтайды. Өйткені, әрбір мемлекеттің өсіп өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы – ұстаз берген білімде. Сондықтан да дамудың ең биік көкжиегінен көрінгісі келген кез келген мемлекет ең алдымен, білім беру саласын дұрыс жолға қойып, сапасын көтеруді мақсат етеді. Ендеше, осындай бәсекеге қабілетті, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу мұғалімінің еншісіне тиері анық.

Құрметті Лида Аскарқызы! Сізді шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі — 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мейрамымен шын жүректен құттықтаймын. Ана қуанышы, әйел қуанышы — әр үйдің, отбасының, Отанның мерейі. Деніңізге саулық, отбасыңызға бірлік-береке, кенен табыс, қызметте өрлеу және махаббат пен әсемдік тілей отырып, мына өлең жолдарын Сізге арнаймыз:

Гүлдей болсын өміріңіз,

Нұрға толсын көңіліңіз.

Биік боп жұлдызыңыз

Көктемдей құлпырыңыз.

Бақыт қонсын басыңызға

Қолдап жүрсін Тәңіріңіз!

№7 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш кәсіподақ ұжымы

#ЛАЙЫҚТЫЕҢБЕКЖЫЛЫ

#АЛТЫНЖҮРЕК



Кудайназарова Аймекен Умирзаковна №7 жалпы орта білім беретін мектебінде 2006 жылдан бастап кіші қызметкер болып жұмыс істеп жүрген жауапкершілігі мол жан. «Еңбек-ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы» деп бекер айтпаған. Адам өз несібесін еңбектен ғана табады. Қолынан келгенін аянбайтын әр адамға әркез сый-құрмет көрсетілуі тиіс. Еңбек еткен адамның қор болмайтыны белгілі.

Мектепті таза ұстау оңай шаруа емес. Мектептің ішкі, сыртқы тазалықты қадағалау, еден жуу, шаң

сүрту, кабинеттерді уақытылы желдету осының бәрі жауапкершілікті талап етеді. Бүгінде өзінің еңбексүйгіштігінің арқасында бел жазбай еңбек етіп, бір ұжымның мақтанышына айналып отырған Аймекен Умирзаковна сынды жандардың саны арта берсе нұр үстіне нұр болар еді.

Еңбегін адал атқарып жүрген Аймекен Умирзаковнаны көгілдір көктемнің алғашқы мерекесі, той атаулының қызығы мен берекесі 8-наурыз халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Көктемнің гүліндей құлпырып, әсемдіктің, әдеміліктің, әдептіліктің иесі болып, бақытты да баянды өмір кешіңіздер. Дендеріңізге саулық, көңілдеріңізге шаттық, от басыларыңызға құт-береке, ауызбіршілік пен тыныштық тілеймін.

<https://www.facebook.com/atbasarprofsouz/posts/pfbid0WVTewZ6WvvaMRWtsuAPLCaysWHAJ9P4sF8gDhN1FjLsBsBr8J5G2FA4S1RBGtqxSI?mibextid=ZbWKw>

## "Ұжымдық шарт"



Бүгін мектебімізде 09.02.2024жылы бастауыш кәсіподақ ұйымының кезектен тыс жиналысы өтті. Жиналыстың басты мәселесі жаңа 2024-2026 жылдарға арналған орта білім беру ұйымының "Ұжымдық шартын" талқылау болды. Кәсіподақ төрағасы Нағашыбаев.Н.Е мектебіміздің ұжымын жинап, барлық қатысушыларды ұжымдық шартпен таныстырып, сұрақтарға жауап берді.

## #ЕҢБЕКАДАМЫ



Отегенова Ругайда Курмановна-елужылдық тәжірибесі бар физика пәні мұғалімі. Ругайда Курмановна Атбасар қаласы №7 жалпы орта білім беретін мектепте үлкен тәжірибесі бар шебер мұғалім.

Мұғалімдер қауымы өз елінің болашағы үшін тәлім-тәрбие береді. Бұдан тек қана баланың өмірі қалыптаспайды, сонымен қатар ұлттың, елдің болашағы қалыптасады деп айтуға болады. Ал, ұлт үшін қызмет ету кез-

келгеннің қолынан келмейтіні анық. Осындай абыройлы да, мәртебелі жұмысты атқарып жүрген ұстаздың бірі-физика пәнінің мұғалімі Отегенова Ругайда Курмановна. 1981 жылы Целиноград мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетінің физика мамандығы бойынша бітіріп шығады. Осы жылдары мықты білімінің нәтижесінде көптеген оқушыларын аудандық олимпиадан да бастап халықаралық дәрежеге дейін жетелеп білім шыңынан көрсете білді. Әр сабағында тәртіп пен білімді қатар ұштастыра білген ұстаздың оқушыларының жеткен жетістіктері ауыз толтырып айтарлық. Мұғалімнің еңбекқорлығы мен білімінің арқасында қортынды аттестацияда оқушылары үнемі жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Мұның барлығы өз уақытын балалардың білім алу жолына аянбай еңбек етіп келе жатқанының нәтижесі деп білемін. Мұғалім өз білімін жетілдіруді, тәжірибе барысында қалыптасқан білімін әріптестерімен бөлісуді ұмытқан емес.

Ругайда Курмановна әрдайым өз ісіне тиянақты, сөзіне мығым, сабағын сапалы ұйымдастыра білетін, оқушыларға талап қоя білетін және сол талапты орындата білетін заманауи ұстаз екенін мақтанышпен айтамын. Оқушының білімді болмағы ұстаздан екені даусыз. Білім мен білігі қатар жүретін осындай мұғалімдер баланың болашағын қалайды. Әрине, жұмысына тиянақты, өз ісіне жауапты маманның еңбегі жоғарғы басшылық тарапынан да қолдау табатыны анық. Өз саласының майталманы болу әр мұғалімнің міндеті.

Ругайда Курмановна оқу саласының құрмет грамоталармен, облыстық кәсіподақ төрағасының алғыс хатымен марапатталды. 1991 жылы «Аға ұстаз» деген атақпен марапаттады. Ал 1995 жылы білім беру саласындағы еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісінің иегері болды. Осындай міндетті абыроймен атқарып келен Ругайда Курмановна зейнет жасына шыққаннан кейінде кадр тапшылығына байланысты әлдеде өз мектебінде еңбек етіп, оқушыларға білім береді. Осындай қажырлы еңбегіңіз үшін зор алғысымызды білдіреміз.

<https://www.facebook.com/atbasarprofsouz/posts/pfbid0Er2uDb197LA4YmPV5TdpEF9mLPQ5WyUmo1y4Xbbpe8ZP6XnGnWVfYyGwnCsSsrhRI?mibextid=ZbWKwL>

### [#МЕРЕКЕЛІККЕЗДЕСУ](#)

#### **Мектеп өз ардагерлерімен кездесті**

Әкімшілік және "Атбасар қаласының №7 жалпы білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесі және кәсіподақ комитеті педагогикалық еңбек ардагерлеріне қамқорлық жасауды өз қызметінің басым бағыттарының бірі деп санайды. Педагогикалық ұжым ардагерлермен мақсатты жұмыс жүргізеді. Педагогикалық еңбек ардагерлерінің мектеп Кеңесі құрылды. Өйткені, бар өмірін еліміздің ұрпағын тәрбиелеуге, оқытуға арнаған адамдар үшін зейін өте қымбат және маңызды болып табылады.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында тағдырлары оның тарихымен тығыз байланысты, есімдері ауданның ғана емес, бүкіл елдің тарихына алтын әріптермен жазылған қазақ мектебінің ұстаздығының бастауында тұрған тұлғалармен әсерлі кездесу өтті. Олар өз заманының нағыз мықты, нағыз жастар командасы болып саналады. Қазіргі мұғалімдер мен мектеп оқушылары қонақтарды құрметпен қарсы алды. Ұстаздардың ұлы кагорты: мұғалімдер, тәлімгерлер мектеп мәжіліс залына жиналды. Мектеп өз өмірін оған арнаған құрметті қонақтарды – мұғалімдерді қарсы алды. Ардагерлерді есік алдында қарсы алып, оқушылар оларды акт залына шығарып салды, онда қонақтарды мерекелік концерт күтіп тұрды. Білім бөлімінің басшысы Н. Наймушина, мектеп директоры Н. Алкенова, мектеп ақсақалы С. Басманов, педагогикалық ұжым қонақтарды қарсы алып, оларға Білім Министрлігінің Алғыс хаттарын табыс етті. Ардагерлер кездесу туралы әсерлерімен, мектеп туралы естеліктерімен бөлісті. Өз өмірлеріндегі жарқын оқиғалар туралы әңгімеледі. Оқушылар мен әкімшілік өздерінің құрметті ардагерлерінің мектеп атмосферасына қайта еніп, өздерін жас, белсенді сезініп, әріптестерімен сөйлесе алғанына қуанышты болды.



Импровизацияланған сахнадан мереке қонақтарына шын жүректен, жылы сөздер айтылды. Мектеп, мұғалімдер туралы әндер орындалды. Барлық қатысушылардың көз алдында қуаныш, аға-буынға деген құрмет пен көңіл-күй біздің қонақтарымызды естеліктерге бөледі. Олардың мектеп мұғалімдерінің өмірі туралы әңгімелері, олардың мектеп планетасында лайықты өмір сүргені, қызықты естеліктер қалдырғаны - Тәуелсіз Қазақстанның дамуы мен өркендеуіне үлес қосқанының дәлелі болып табылады.



<https://www.facebook.com/atbasarprofsouz/posts/pfbid0Li7ZGhFL46CnSCDUL Ee3nWqB8wzwHQT8zAdXrrRQ9jinpkENP4FnDssNMPuetZRil?mibextid=ZbWKwL>

Атбасар қаласы №7 жалпы орта білім беретін мектебінде бүкіл әлемдік әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа жол бермеу мақсатында баяндама, әңгіме-сұхбат, пікір-талас өткізілді.



<https://www.facebook.com/atbasarprofsouz/posts/pfbid0GjF62FjmUmxw8hg6p6p9XxazR1W7Jbxo1dhs2jiMRTFXLaDUwy694SjyDNrRfNgs!/?mibextid=ZbWKwL>

## #ЕҢБЕККЕЛАЙЫҚТЫАДАМ



### **«Адам көркі - адал еңбек»**

Тохил Айгул №7 жалпы орта білім беретін мектебінде 2021 жылдың қараша айынан бастап Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары ретінде жұмыс жасап келеді.

Таңмен таласа мектепке келіп мектеп ауласын, ішін тексеріп шығады.

Еңбек еткен адамның қор болмайтыны белгілі. Бүгінде өзінің еңбек сүйгіштігінің арқасында бел жазбай еңбек етіп, бір ұжымның мақтанышына айналып отырған

Тохил Айгул сынды жандардың саны арта берсе нұр үстіне нұр болар еді. Өз қызметінен бөлек мектеп қызметкерлеріне де әрдайым қол ұшын созып көмек көрсетуден жалықпайды. Еңбегін адал атқарып жүрген Тохил Айгулге амандық деніне саулық, жұмысына табыс тілейміз! №7 жалпы орта білім беретін мектебінің кәсіподақ ұжымы.